МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ
ЖӘНЕ АРХИВ ІСІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«МАНГИСТАУСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ЦЕНТР
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЙ И
КУЛЬТУРНО-ДОСУГОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ»
УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ, РАЗВИТИЯ
ЯЗЫКОВ И АРХИВНОГО ДЕЛА
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

08. 08. 2025
Ақтау қаласы

ПРИКАЗ

№ 89 к/д
город Актау

**Шартты тікелей жасасу арқылы
бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік
сатып алуды ұйымдастыру туралы**

- 2024 жылдың 01 шілдесіндегі №106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16 бабы 3 тармағы 32 тармақшасына сәйкес шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады, егер мәдениет ұйымының, мәдениет саласындағы білім беру ұйымының, телерадио хабарларын тарату операторының сахналық көрсетілімдерді жүзеге асыру, өнер туындыларын көпшілік алдында орындау мен көрсету және мәдени құндылықтарды көрсету үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы;

- Заңның 16 бабы 5, 6 тармақтарына сәйкес, Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқаратын адам не орталық мемлекеттік органның аппарат басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге лауазымды адам қабылдайды;

Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу осы Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттары сақтала отырып жүзеге асырылады;

- Заңның 5 бабы 1 тармағы 1), 4) тармақшаларына сәйкес, мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау; мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы;

- Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесінің 506, 507, 508 тармақтары арқылы;

- Осы қағиданың 512 тармағына сәйкес шешім қабылдауда, Заңның 16-бабы 3-тармағының 5), 18), 32), 35), 36), 38) және 39) тармақшалары негізінде жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алу жүзеге асыру туралы шешім қабылданған жағдайларда тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушіні айқындау үшін тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жарнамасындағы, каталогтарындағы, сипаттамаларындағы және Қазақстан Республикасының Азаматтық заңнамасына сәйкес көпшілік оферта болып танылған белгісіз тұлғалар тобына арналған басқа ұсыныстардағы жалпыға қол жетімді ақпарат көздерін зерделеу арқылы сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығын талдау нәтижелері бойынша айқындалған сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында, оның ішінде ұқсас тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша қызметін жүзеге асыратын кемінде үш әлеуетті өнім берушіге коммерциялық ұсыныстар беру туралы сұрау салуларды веб-портал арқылы жібереді;

- Қағиданың 513, 514, 515 тармақтарына сәйкес;

- Шығармашылық қызмет нәтижесінде жасалынатын мәдениет және өнер туындыларын сахнада көрсетуді, өнерпаздардың өнердегі еңбектерін уақытында, сапалы орындауға кедергі жасамау мақсатында бәсекелестік сатып алу қорытындылары бойынша, сондай-ақ сапалы қызметтер, сапалы орындаулар алу қажеттілігін, аталған қызметтердің орындалу уақытының тығыздығын, жылдамдығын (қызметтер, жұмыстар, тауарлар мерекелік шараның, фестивальдердің, конкурстардың жюрилерінің, ұйымдастырушылардың шешімдеріне, қортындыларына, жүру процесіне сәйкес өзгеретінін, кей шаралардың демалыс күндері, жұмыс уақытынан тыс мезгілдерде өтуіне байланысты 1 күн, 1 сағат көлемінде орындалуын қамтамасыз ету) **ескере отырып, БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сахналық көрсетілімдерді жүзеге асыру, өнер туындыларын көпшілік алдында орындау мен көрсету үшін "Ақтау-Түркі әлемінің мәдени астанасы" атты мәдени шараның аясында өткізілетін "АҚ МАЯ FEST" шұбат фестивалінің сметалық шығынына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізілсін;

- Сахнаны техникалық жарықтандыру: дыбыс аппараттарын, жарық аппараттарын, видеоаппараттарын және сахналық конструкцияларымен бірге жалға алу, құру, жинау және техникалық қолдау мамандарымен бірге, LED экранды видеоаппараттарымен бірге, Лаер конструкцияларымен, электрожүйелерімен бірге жалға алу, құру, жинау және техникалық қолдау мамандарымен бірге;

- Арнайы әсерлермен Айрақтының негізгі сахнасын құру, жинау, жалға алу және подиумдар дайындау: эскизге сәйкес 500кв.м өлшемдегі аяғы темір,

толық фанералармен және өзге де материалдармен қапталған подиумдар дайындау, толық өлшемде өнерпаздар өнер көрсететін сахна құру және т.б;

- Айрақтының тематикалық аймағын дайындау, жалға алу, құру және жинау: кіреберіс аймағына арка, Шұбат Lounge, Шұбат Lab, Шұбат Talks-білезік, Steppe Games аймақтарын дайындау, жасау, монтаждау, жинау, және т.б;

- Айрақтының тематикалық аймағын және әртістерге арналған аймағын әр түрлі реквизиттермен декорациялық көркемдік безендіру, жалға алу, құру және жинау: үстелдер, орындықтар, шатерлар, зонттар, пуфиктермен және т.б;

- Тапсырыс берушінің қалауымен заманауи идеяларымен ұйымдастыруға: өткізілетін шараның сценарийі мен сценографиясын, сондай-ақ шараға арналған жаңа жазылған музыканы басқаруды, сценарий мен сценографияға өзгертулер енгізуді және жазуды, би мен концерттік нөмір қою идеясын жасақтауды және сахнаға шығаруды, сонымен қатар өнерпаздардың сахналық костюмдерінің идеяларын ұсынуды, табуды, костюмдердің эскиздері мен тігулеріне өзгерістер енгізуді, дайындалатын контенттерге, видеороликтерге идеялар ұсыну, олардың сахнада сапалы шығуын қадағалауды, шараның өту процессін бақылауды, декоратырлармен бірге декорация мен реквизиттерді жасау процесіне өзгертулер енгізуді, шараның жүрісіне дауысы мен оқу дикциясы жақсы профессионалды жүргізушілерді ұйымдастыруды, сахнада өнер көрсететін өнерпаздарды рет ретімен уақытылы шығаруды, уақытылы жинақталуды, шараның өтуіне бір күн бұрын маңызды әрі өтімді дайындық жүргізуді, өнерпаздардың сахнаға шығу уақытында түр әлпеттерін, шаш жинақтауларын сахна мәдениетіне сай әсемдеу, әрлеуді, шараға қатысты лед экранның, контенттердің, роликтердің, фотограф, мобилограф, фонограмма жазылуларының, көркемдік безендірулерінің жоғары сапада, жоғары деңгейде толығымен өткізуге жауапты режиссерлық-қойылымдық топтық қызметтері *(идея авторы, қоюшы режиссер, сахна және техника режиссеры, көмекші режиссер, жоба басшысы, продюсер, координаторлар 2 адам, әртістердің әкімшілері 2 адам, аймақ әкімшілері 5 адам, СММ менеджерлері, редактор сценарист, репетиторлар 10 адам, гример-визажисттер және т.б).*

-Сахнаның LED экранында көрсетілетін 3д анимациялық 5 музыкалық номерге арналған видеоконтент дайындау, “Туризм Мангистау” контентін дайындау, графикалық видеоконтенттер, роликтер анимациялар дайындау және фото, видео съемка қызметі;

- Сахнада өнер көрсететін Қазақстанның 6 өнер жұлдыздарына және 2 мәдени шара жүргізушілеріне гонорар;

- Мерекелік шараны қорытындылау мақсатында халық тамашалайтын сахналық дрондар шоуын жасау қызметі 350 дана 15-20 минуттық.

2. Мемлекеттік сатып алуға жауапты маман А.Кабиланова мемлекеттік сатып алу веб-парталы арқылы нарықта жұмыс істейтін кемінде үш әлеуетті өнім берушіге шақыру жіберсін.

3. Мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау қағидаттарына сәйкес, ең төменгі баға ұсынған өнім берушімен келісім шарт жасақталсын.

4. Осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына толықтырулар енгізіліп, мемлекеттік сатып алу веб-парталына орналастырылсын және өнім берушімен бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы уақытылы шарт жасау мемлекеттік сатып алуға жауапты маман А.Кабилановаға жүктелсін.

5. Бұйрықтың орындалысын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Директор **А. Зейлова**

Таныстырылды *А. Кабиланова*

"Ақтау-Түркі әлемінің мәдени астанасы" атты мәдени шараның аясында өткізілетін "АҚ МАЯ FEST" шұбат фестивалінің шығын сметасы (өтетін орны: Айрақты, 16 тамыз)

1. Сахнаны техникалық жарықтандыру: дыбыс аппараттарын, жарық аппараттарын, видеоаппараттарын және сахналық конструкцияларымен бірге жалға алу, құру, жинау және техникалық қолдау мамандарымен бірге, LED экранды видеоаппараттарымен бірге, Лаер конструкцияларымен, электрожүйелерімен бірге жалға алу, құру, жинау және техникалық қолдау мамандарымен бірге	204 244 597,49
2. Арнайы әсерлермен Айрақтының негізгі сахнасын құру, жинау, жалға алу және подиумдар дайындау: эскизге сәйкес 500кв.м өлшемдегі аяғы темір, толық фанералармен және өзге де материалдармен капталған подиумдар дайындау, толық өлшемде өнерпаздар өнер көрсететін сахна құру және т.б.	67 359 052,49
3. Айрақтының тематикалық аймағын дайындау, жалға алу, құру және жинау: кіреберіс аймағына арка, Шұбат Lounge, Шұбат Lab, Шұбат Talks-білезік, Steppe Games аймақтарын дайындау, жасау, монтаждау, жинау, және т.б.	55 204 072,00
4. Айрақтының тематикалық аймағын және әртістерге арналған аймағын әр түрлі реквизиттермен декорациялық көркемдік безендіру, жалға алу, құру және жинау: үстелдермен, столдармен, шатерлармен, зонттармен, пуфиктермен және т.б. Реквизиттермен	53 878 637,57
5. Режиссерлық-қойылымдық қызмет (идея авторы, қоюшы режиссер, сахна және техника режиссеры, көмекші режиссер, жоба басшысы, продюсер, координаторлар 2 адам, әртістердің әкімшілері 2 адам, аймақ әкімшілері 5 адам, СММ менеджерлері, редактор сценарист, репетиторлар 10 адам, гример-визажисттер және т.б)	30 750 000,00
6. 3д анимациялық 5 музыкалық номерге арналған видеоконтент дайындау, "Туризм Мангистау" контентін ддайындау, графикалық видеоконтенттер, роликтер/анимациялар дайындау және фото, видео съемка қызметі	13 266 400,00
7. Гонорар 6 әртістер және 2 жүргізушілерге	37 550 000,00
8. Дрондар шоуын жасау қызметі 350 дана 15-20 минуттық	36 000 000,00
9. Өзге де шығындар (банктік және т.б.)	2 240,45
Барлығы:	498 255 000,00

Директор А. Зейлова
Бас есепші Н. Кенжебаева

#АҚМАЯFEST
ТАБИҒАТ ПЕН ДАЛА ҮНІ ҮНДЕСКЕН, ФЕСТИВАЛЬ

КОНЦЕПЦИЯ

Актау - 2025
КУЛЬТУРНАЯ СТОЛИЦА
ТЮРКСКОГО МИРА

Ақмая Fest — бұл қазақ халқының дәстүрін заманауи өнер формаларымен ұштастыратын бірегей мәдени-музыкалық шара. Фестиваль ашық аспан астында, Маңғыстау тауларының етегіндегі көркем табиғат аясында өтеді.

Кешкі бағдарламада қазақстандық жұлдыздар, симфониялық оркестр, диджейлер мен рэп орындаушылары өнер көрсетеді. Ерекше назар шұбатқа — мәдени мұра мен денсаулықтың символына аударылады.

Фестиваль қонақтарын интерактивті аймақтар, этнолокациялар, дәм татулар, шеберлік сабақтары, сондай-ақ шұбат пен қазақ дәстүрлеріне арналған креативті фотозоналар күтеді.

АҚ Мая Fest — бұл ұрпақтар диалогы, дала даналығы қазіргі заман ырғағына сай орындалады.

Актау - 2025
КУЛЬТУРНАЯ СТОЛИЦА
ТЮРКСКОГО МИРА

АҚ МАЯ FEST

ШҰБАТ ФЕСТИВАЛІ

1

“Ақмая Lounge” / “Shubat Bar”

- Пуфтармен, киіз үйлермен және шезлонгтармен жабдықталған стильді аймақ, мұнда шұбаттың әртүрлі нұсқаларын дәмін татып көруге болады:
  – классикалық,
  – жидек қосылған,
  – жалбызбен,
  – мұзбен.
- Шұбат негізінде коктейль түрлері: **“Shubat Mojito”**, **“Desert Breeze”**, **“White Steppe”**.

2

“Ақмая Lab” / “Дәм шеберханасы”

- Шұбат дайындау бойынша шағын мастер-класс (интерактивті түрде):
  – қандай құрал-жабдықтар қажет,
  – қалай пісіріледі,
  – қандай ерекшеліктері бар және т.б.
- Әртүрлі шұбат түрлерінің дәмін көруге болады

3

“Steppe Games” – Дала ойындары

Қазақтың халық ойындарына заманауи реңк беру:
– гир көтеру,
– асық ату,
– садақ ату және т.б.

4

“Art-Yurta” / “Shubat Talks”

- Юрта ішінде лекциялар, стендаптар, әңгімелер немесе шеберлік сабақтары өтеді.Тақырыптар: мәдениет, дәстүр, денсаулық, дұрыс тамақтану.
- Фестивальге шұбат өндіретін фермерді шақырып, шұбат дайындау процесін баяндау;

Актау - 2025
КУЛЬТУРНАЯ СТОЛИЦА
ТЮРКСКОГО МИРА

STEPPE GAMES

Актау - 2025
КУЛЬТУРНАЯ СТОЛИЦА
ТЮРКСКОГО МИРА

Актау - 2025
КУЛЬТУРНАЯ СТОЛИЦА
ТЮРКСКОГО МИРА

ШҰБАТ LAB

Актау - 2025
КУЛЬТУРНАЯ СТОЛИЦА
ТЮРКСКОГО МИРА

ART YURTA / SHUBAT TALKS

Фестиваль — бұл табиғаттан сахна жасап, әр блок музыкалық әлемнің ерекше қырын ашып, ырғақ, жарық және энергияны күшейтетін сәт.

Блок I: “Тыныс” / *Breath of Harmony*

Концерттік бағдарлама табиғаттың терең тыныштығынан басталады, сол тыныштыққа оркестрдің нәзік үні сіңе бастайды. Ашық аспан астындағы сахнада — симфониялық оркестр. Ол әлемдік классиканы да, қазақтың сүйікті әуендерін де орындайды.
Таулардың жаңғырығы, шөптің сыбдыры мен құстардың әні — осы үнге тірі декорациядай үйлесіп кетеді.

Бұл — жердің тынысы, даланың жүрек соғысы.
Тыныс — табиғи ландшафта өнердің алғашқы демі.

Блок II: “Шұғыла” / *Radiance*

Күн көкжиекке қарай еңкейген сәтте сахна жарыққа бөленеді.
Шұғыла — бұл табиғаттың энергиясы заманауи жарық шоуымен және эстрадалық хиттермен үндескен кезең.
Көрермендер үздік орындаушылардың өнерін тамашалайды, ал тау, аспан және дала сахнаға айналып, әннің қуатын жарықпен, қозғалыспен және көңіл-күймен еселей түседі.

Бұл — әр дыбыстан тараған жарық,
эмоциялардың нұр шашуы.

Блок III: “Пульс” / *Pulse*

Түн түсісімен — **Пульс**, яғни ырғақ пен энергияның уақыты басталады. Түнгі толқын — бұл еркіндік пен бидің алаңы.

Рэп-артистер, диджейлер мен қуатты лазерлік шоу табиғи сахнаны техно-океанға айналдырады. Таулар лазерлердің жарығын шағылыстырады, аспан бас тербелісінен дірілдейді, ал көрермендер табиғатпен және битпен бірігіп, ортақ би ырғағына енеді.

КІРУ АЙМАҒЫ/ФОТОЗОНА

- **Ақмая Fest** фестивалінің арт-объектісі — табиғи формалар мен қазақы өрнектерден шабыт алған заманауи әрі динамикалық инсталляция.
  Ол **толқын тәрізді арка** түрінде жасалып, уақыттың, желдің және көш қозғалысының ағынын бейнелейді — бұл көшпенді мұра мен шұбаттың табиғатына арналған метафора.
- Серпінді, көпқабатты сызықтар қозғалыс пен желдің әсерін тудырып, құм толқындарын не Маңғыстаудың құмды дюналарын елестетеді.
- **Жылы охра және қызғылт сары реңктері** Қазақстанның жері мен күннің түсіне үндеседі. **Түнде жарықтандыру** арқылы пішіндер айқын көрініп, инсталляция тірі ағза тәрізді әсер қалдырады.
- Арканың ішкі толқынының бір бетін бойлай **дәстүрлі қазақ оюлары** жүргізіледі — стильденген **"қошқар мүйіз"**, ромбтар және геометриялық фигуралар.
  Бұл бейнелер — тайпалық және Жер-анамен байланысты символдардың көрінісі.
  Орнамент **көгілдір-жасыл реңктерде** орындалған, бұл — түркі мәдениетіне және табиғаттың өзіне жасалған ишара.

Актау - 2025
КУЛЬТУРНАЯ СТОЛИЦА
ТЮРКСКОГО МИРА





AZIMUTH°
AMPLIFIED BY
MDL BEAST


AB
GHT
More
Wonder